

Еске алу

Еңбекші ауылының тұрғыны болған, аяулы ана, ардақты әже **Қуатбекова Күлжамал Сайранбекқызының** өмірден озғанына 40 күн толды. Ағайын-туғанға бауырмашыл, мейірімді, жарқын жүзді анамыздың артынан жанымыз жабырқап, көңіліміз мұңайып біз қала бердік. Жарқын бейнеңіз мәңгілік көз алдымызда. Жатқан жеріңіз жарық, иманыңыз жолдас болсын.

Келмесіне кім қияды анасын, Түс көргендей болып пенде қаласың. Анаң ғана мәңгі өмір сүрердей, Жаулайды екен перзентінің санасын.

Асыл ана, асыл әже асқан әнім ардақтым, Жүрегіміз толып тұрған салмақ мұң. Өзің барда жүруші едік шаттанып, Енді бізге жоқтау өлең арнаттың.

Еске алушылар: Жәкен – Сәуле, немерелері мен шөберелері.

Үшарал қаласының тұрғыны болған, ардақты әке, аяулы туыс, ұлағатты ұстаз **Қабдолдаұлы Сәкенді** сұм ажал ортамыздан алып кетті. Өкеміз жаны жаз, көңілі көктем, кеудесі нұрға толы, ақкөңілділігімен және адамгершілігімен, көпшіл қасиетімен дараланған. Бүгінде оның нұрлы бейнесін, жарқын жүзін, бізге айтқан әрбір ақылын сағына еске аламыз. Жатқан жері жарық, жайлы, мінгені пырақ, ұстағаны шырақ болсын.

Бәйтеректей әулетке сая болған, Қорған едің біздерді аялаған. Асыл бейнең өшпейді есімізден, Ұрпағыңа мәңгі биік дара тұлғаң.

Ізгілік пен парасаттан жаралған, Ұстаз едің үлгі тұтқан бар адам. Ұмытылмас із қалдырдың артыңа, Рухың биік, жаның болсын жәннаттан.

Еске алушылар: ағайын-туыстары.

Үшарал қаласының тұрғыны болған, ардақты әке, сүйікті жар **Түндебаев Серікқажы Әділдабекұлы** тірі болғанда 66 жасқа толар еді. Амал қанша, сұм ажал оны ортамыздан алып кетті. Жаратқан иемізден оның иманын жолдас етіп, қабірін Құран нұрымен нұрландырсын деп тілеп, сағына еске аламыз.

Тәрбиенді көріп өстім жасымнан, Ешкім сендей сипамаған басымнан. Түсіне алмай қалдық әке артыңда, Кетуінде болды-ау бізге тосыннан.

Алла салды басымызға сынақты, Жиі еске алсын деп те жылатты. Қайғысы мен қызығы көп өмір – ай, Бірде көтеріп, бірде жығып жылатты.



Еске алушылар: жары Ырым, балалары, күйеубалалары мен немерелері.

Талдықорған қаласының тұрғыны болған аяулы жар, ардақты әке **Турысбеков Жарас Сәкенұлы**н сұм ажал арамьздан алып кеткеніне биыл 10 жыл толды. Бауырымыз көзі тірі болғанда 6 тамызда 52 жасқа толар еді. Оның жарқын бейнесі мәңгілік көз алдымызда, көңілімізде тұрады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

Амал барма құдіреті күшті Құдайға, Не істерін Алла бізден сұрайма? Асыл бауыр, ақ жүзіңді сағынамыз, Алланың жазғаны ғой не қыламыз.

Сонда да ойлай-ойлай нұр жүзіңді, Туған-туыс, дос –жаран еске аламыз. Жатқан жерің, жан бауыр жайлы болып, Сәуле шашып тұрсыншы қабірінде.

Еске алушылар: анасы, бауырлары, жанұясы, достары.



БАЛА ТУУ БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР
ВЫПЛАТЫ ПО РОЖДЕНИЮ
РЕБЕНКА

Жәрдемақыны рәсімдеу

Жаңа заманның сұраныстарына орай халыққа қолайлы жағдай жасау және мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру күн тәртібінен түскен емес. Қағазбастылықтан құтылу және тұрғындардың уақыты мен қаражатын үнемдеуге, сыбайлас жемқорлықты болдырмауға бағытталған жұмыстар көңіл қуантады. Бұл жаһандық бәсекелестіктегі бәсіміздің жоғары болуының бір кепілі.

Баланың туылуына және бір жасқа толғанына дейінгі күтіміне байланысты төленетін жәрдемақыны рәсімдегісі келетін қазақстандықтар енді тұрғылықты жеріне қарамастан, еліміздің кез келген ХҚО-ға жүгіне алады. Бұрын тұрақты тіркеудің болуы және тіркелген жері бойынша ХҚО-ға жүгіну – әлеуметтік төлемдерді рәсімдеудің басты талаптарының бірі болған.

Жәрдемақыны ХҚО арқылы рәсімдеу үшін жеке куәлік, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі, неке куәлігі, банк шоты туралы анықтама қажет.

Аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы.

ХАБАРЛАМА

Сапақ орта мектебінің қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткер қабылданатыны жайлы хабарлаймыз.

Қамқоршылық кеңесінің үміткерлеріне қойылатын талаптар:

1. Жергілікті өкіл, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілі;
2. Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
3. Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері;
4. Сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
5. Қайырымдылық жасаушы.

Үміткерлер мына мекенжайға хабарласуын сұраймыз: Сапақ ауылы, Абай көшесі №62, байланыс телефоны: 87756970608.

Құжат жоғалту

2005 жылы аудандық жер қатынастары бөлімінен **Артықбаев Ерлан Дақановичтің** атына берілген №1022784, кадастрлық нөмірі 03-255-038-180 уақытша (ұзақ мерзімде, қысқа мерзімде) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

2010 жылы аудандық жер қатынастары бөлімінен **Ракишев Касенсолтанның** атына берілген №1500649, кадастрлық нөмірі 03-255-007-112 уақытша (ұзақ мерзімде, қысқа мерзімде) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

29 қараша 2021 жылы сағат 10:00-де Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 148 үй, қалалық әкімдіктің мәжіліс залында "Алматы облысы Алақөл ауданы Үшарал қаласының орталық қазандығын кеңейту" жұмыс жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Межеленген қызметтің бастамашысы: "Алақөл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" ММ.

БСН: 050440006071

Өкілі: Жұмабеков Алмас Отанұлы.

Байланыс телефоны: 8-728-33 2-36-91.

e-mail: gkh_alakol@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеуші: "Институт КазНИПИ Энергопром"АҚ.

БСН: 910840000078.

Байланыс телефоны: 8-727-273-47-87.

e-mail: office@knerp.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен

бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады, <https://ecoportal.kz>, сондай-ақ ЖАО-ның "Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" сайтының "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Үшарал, Жеңіс 148 мекенжайы бойынша немесе электрондық пошта арқылы қабылданады gkh_alakol@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО-ның "Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады gkh_alakol@mail.ru.

Объявление о проведении слушаний

29 ноября 2021 года в 10:00 часов по адресу: г.Ушарал, ул. Женис, д.148, конференц зал акимата г.Ушарал, будут проведены общественные слушания в форме открытого собрания по рабочему проекту: "Расширение центральной котельной г.Ушарал Алакольского района Алматинской области".

Инициатор намечаемой деятельности: ГУ "Отдел жилищное коммунального хозяйства и жилищной инспекции Алакольского района"

БИН: 050440006071

Представитель: Жумабеков Алмас Отанұлы

Контактный телефон: 8 72833 2-36-91

e-mail: gkh_alakol@mail.ru

Разработчик документации: АО «Институт КазНИПИ Энергопром»

БИН: 910840000078

Контактный телефон: 8-727-273-47-87

e-mail: office@knerp.kz

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином

экологическом портале <https://ecoportal.kz/>, а также сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области» в разделе «Общественные слушания».

Замечания и/или предложения принимаются на Едином экологическом портале, а также по адресу г.Ушарал, ул. Женис, 148 или на электронную почту gkh_alakol@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий общественные слушания будут проводиться на платформе Zoom. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области».

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу gkh_alakol@mail.ru.

МҚҰ «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» МФО

ЭВЕРЕСТ Финанс

керемет % МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР

красивые % СТАВКИ

вход на сайт

ДО ДЕЙН

1 000 000 ТГ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
- ✓ кепілсіз
- ✓ алты жылға дейін

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров (до 78 лет) и работающих
- ✓ без залога
- ✓ до шести лет

г.Талдықорған, пр.Н. Назарбаева, 44 (ул. Тауелсыздық), офис 8,

тел.8 708 363 59 29, г.Алматы тел.8 708 363 60 46

Все подробности на сайте everestfinans.kz

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Құрылтайшылар:
Алақөл ауданының әкімдігі мен «Алақөл айнасы» ЖШС-і.

Меншік иесі:
«Алақөл айнасы» ЖШС-і.

Директор - бас редактор
Азат ЖАҚЫПБЕК.

Телефондар:
Бас редактор: 3-52-63
Бас редактордың орынбасары: 3-51-74
Оператор: 3-52-68, факс:3-52-63
E-mail: alakred@mail.ru
Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні шығады

Газета выходит один раз в неделю, в субботу

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2019 жылғы 10 қазанда тіркеліп, №КЗ34VPY00015810 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 4595

Газет «Алақөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.
Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.